

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Cashmore, Pete. Myspace, America's Number One // Mashable / [ЭР]: Қол жетімді: <http://mashable.com/2006/07/11/myspace-americas-number-one/#1dkr6gybz5qa>

2 Fergus Hanson (November 2012). «A Digital DFAT: Joining the 21st century». Lowy Institute

3 Social Media, Political News and Ideology – Pew Research Center / [ЭР]: Қол жетімді: <https://www.pewresearch.org/fact-tank/2021/05/04/70-of-u-s-social-media-users-never-or-rarely-post-or-share-about-political-social-issues/>

4 Emily K. Vraga, Leticia Bode, Anne-Bennett Smithson & Sonya Troller-Renfree. Blurred lines: Defining social, news, and political posts on Facebook, Journal of Information Technology & Politics, 2016, № 13:3

## **ТАРИХИ «ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ» ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ «БІР БЕЛДЕУ - БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ**

**Смагулова Г.М.,** т.ғ.к., профессор,

**Абжанова А.Р.,** магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды қ.

XXI ғасыр – бұл жаһандану заманы, әлемдік экономикалық байланыстар мен нарықтық қатынастар дәуірі, ақпараттық технологиялар мен коммуникация заманы болып отырғаны баршаға таныс. Сондықтан осы мақалада коммуникация мәселесін кешегі «Ұлы Жібек жолы» мен бүгінгі қытайлық «бір белдеу - бір жол» бастамасымен өзара байланыстарын қарастыруды алдымызға мақсат етіп қойдық.

Ерте заманнан бері жердің түкпір-түкпірінде тұратын адамдар бір-бірімен сауда қатынасын жүргізген. Алғашында бұл адамдардың қолына түсе бермейтін зәру заттармен айырбас ретінде жүзеге асқан. Атап айтқанда, алтын, күміс тәрізді асыл тастар, тамаққа салатын тұз, емдік қасиеті мол өсімдіктер, сәйгүлік аттар, қымбат бағалы аң терілері, қола мен темірден жасалған бұйымдар, түрлі маталар, азық-түлік және басқа да тауарлармен өзара алмасып отырған. Уақыт өте ақша пайда болған сауда-саттық басталып, көптеген елдер мен қалаларды байланыстырған орталықтар - базар, жәрмеңке, сауда

жолдары ашылды. Бұл жолдар бір-бірімен ұласып, Шығыс пен Батысқа, Оңтүстік пен Солтүстікке қарай жалғасты. Көптеген жаңа аймақтарды қатарына қосты. Нәтижесінде б.з.б. II ғасырдың ортасында Еуропа мен Азияның арасын біріктірген Ұлы Жібек жолы пайда болды.

Ұлы Жібек жолының кей тармақтары сол кезде-ақ іске қосылған. Өткен тарихқа шолу жасасақ «лазурит жолы», «нефрит жолы», «құндыз жолы» және «дала жолы» тәрізді коммуникацияның түрлері болған. Мысалы, зерттеушілердің пікірінше «Лазурит жолы» - Мысыр, Иран, Вавилон елдеріне Памир тауларында өндірілген лазурит тасы тасымалданатын жол. Лазурит бұл елдерде өте кәделі саналып, аса жоғары бағаланған. «Нефрит жолымен» қытай патшалары мен бай-шонжарларына арналып жасалатын зергерлік әшекей бұйымдарға қажетті асыл да әдемі гауһар тас, нефрит Қашқардан Қытайға тасымалданған. «Құндыз жолымен» бағалы аң терілері әр елге таралған. Б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында «дала жолы» іске қосылды. «Дала жолы» арқылы Қытай жібегі мен Иран кілемі жеткізіліп тұрды» [1].

Осылайша коммуникацияның дамуы бүкіл Еуропа және Азия елдерінің бір-бірімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызды.

«Ұлы Жібек жолы» деген атаумен таныс коммуникацияның түрі тарихқа кеңінен танымал болды. Коммуникацияның осылай аталуы ежелгі атау емес, ол 1877 жылы пайда болған. Оны қолданысқа енгізген белгілі неміс географы Фердинанд фон Рихтгофен. Жолдың бұлай аталуына сауданың негізгі тауары – Қытайдан шығарылатын жібек мата себеп болды. Сонымен бірге алыс Еуропа мен Азияны біріктіріп жатқан бұл жол адамзатты ғажайып жетістіктерге жеткізді. Жолдың бойында жаңадан қалалар салынып, қала мәдениетінің дамуына ықпал жасады. Нәтижесінде ғылым салаларының дамуына, діни және мәдени салт-дәстүрлерінің қалыптасуына жол ашылды. Атап айтқанда «Ұлы Жібек жолы» Еуропаға Қытайдың өнертабыстарымен - қағаз өндіру, ұнтақ, полиграфия және компасты әкелуіне себепкер болды. Ал Еуропадан Қытайға математика, Еуропаның географиясы, уақытты есептеу және араб халықтарының медицинасы келді. Осылайша «Ұлы Жібек жолы» адамзат өркениетінің дамуында үлкен рөл атқарды және бірегей мәдени құндылыққа ие болды, яғни әртүрлі өркениеттік ағымдардың жақындасуына әсер етті.

«Ұлы Жібек жолы» да Қытаймен байланысты болса, ХХІ ғасырдағы заманауи коммуникацияның түрі «бір белдеу - бір жол» бастамасын да ұсынған Қытай елі.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы ХХІ ғасырдағы әлемдік деңгейдегі маңызды жобалардың қатарына жатады. 2013 ж. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин ұсынған бұл бастама екі үлкен жобалардан тұрады. Бұл туралы алдыңғы мақалада жазылғандықтан [2, б.35-39], осы жолы екі коммуникацияны салыстыра отырып қарастырамыз. Себебі тарих бізге, «Ұлы Жібек жолының» «бір белдеу - бір жол» заманауи бастамасымен тығыз байланысын көрсетіп отыр.

Ежелгі уақытта «Ұлы Жібек жолы» Еуразия мемлекеттерінің көпшілігін бірі құрлық және екеуі теңіз арқылы байланыстыратын үш бағытқа бөлінген. Құрлықтағы маршруттардың бірі ежелгі Қытай астанасы Чаньаньдан, батыс бағытта Хэси дәлізі арқылы Памир тауларын кесіп өтіп, одан кейін Орталық, Оңтүстік және Батыс Азияға Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барды. Солтүстік бағыты Қара теңізден Еділ бассейні арқылы, Орталық Азияның солтүстігі, Оңтүстік Сібірге дейін келіп «дала жолымен» жалғасады. Хань әулеті кезінде ашылған Оңтүстік тармақ Сычуаннан Юньань арқылы өтіп, содан кейін Бактрияға, Үндістанға дейін жетті. Теңіз жолы арқылы, бірі Қытай жағалауларындағы қалалардың шығысынан басталып, Оңтүстік теңіз арқылы, содан кейін Малакка бұғазы арқылы Үнді мұхитына жетіп, Африкаға ең үлкен қашықтықта жетті. Тағы бір бағыт Тынық мұхиты теңіз жолы болды [3, б.74].

Уақыт өте келе географиялық орналасуы мен экономикалық дамуына қарай, қазіргі жаңа Жібек жолының бағыттары ежелгі бағыттардан басқаша болып өзгерді. ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин ұсынған бастамаға сәйкес, Қытайдан шығып Азия, Еуропа және Африка аумақтары арқылы өтетін «Жібек жолы экономикалық белдеуінің» бағыттары үш негізгі жолды қамтиды: солтүстік жол (Қытай - Қазақстан - Ресей - Еуропа), орталық жол (Қытай - Қазақстан - Каспий теңізі - Түркия) және оңтүстік жол (Қытай - Қырғызстан - Өзбекстан - Түрікменстан - Иран - Пәкістан - Үнді мұхиты). Үшеуі де Қытай үшін маңызды, сонымен бірге олар «Бір белдеу, бір жол» бастамасының негізгі тармағы болып табылады.

Қытайдың «Бір белдеу - бір жол» бастамасы ішкі және сыртқы бірнеше мәселелерді шешуге мүмкіндік беретінін атап өту керек. Бұл бастаманың негізгі себептері экономикалық мүдделер болып табылады, атап айтқанда Қытайдың тұрақты экономикалық дамуын

қамтамасыз ету қажеттілігін ынталандыру, аймақтағы ресурстарды бөлу, «Жібек жолы» бойындағы елдер арасындағы тиімді интеграция мен экономикалық өзара қатынасты нығайту. «Құрлық және теңіз Жібек жолын» құру өңірлік интеграция процесіне үлкен ықпал ете отырып, қытай даму стратегиясын іске асыру үшін орасан зор қозғаушы күш ретінде қарастырылады [3, б.27]. Бұдан 2000 жылдар бұрын да Ұлы Дала арқылы өтетін Жібек жолы қазақ жерінің оңтүстік өңірлері арқылы ғана өтсе, ал қазір жоғарыда атап өткендей қазақ даласының басқа да аймақтарын қамтиды. Сонымен қатар бұл бастау Орталық Азия елдерінің интеграциясын одан әрі нығайта түседі.

Құрамына Қазақстан Республикасы да кіретін Орталық Азия мемлекеттері «Бір белдеу, бір жол» жобасына қатыса отырып мемлекет экономикасын, құрлық және темір жолдарын, әуе тораптарын, порттарды, құбырларды, сондай-ақ бүкіл Орталық Азияда әлеуметтік маңызы бар коммуникацияларды салу бойынша ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырды [4, б.49].

Қазақстан үшін бұл жобаға қатысудың да тиімді тұстары бар, бір жағынан Қытаймен байланысты одан әрі нығайта түссе, екінші жағынан жаңадан жұмыс орындары ашылады, салық түсімі ұлғаяды, жаңа технологиялық өндірістер келеді, Қазақстан үшін жаңа өнімдер шығарылады. 2016 жылы «Kazneph Invest экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі» АҚ басқарма төрағасы Борисбий Жанғоразовтың айтуынша: «Бұл өте ірі индустриалды жобалар. Олардың барлығы жаңа технологиялардың негізінде салынады. Бағдарлама аясы өте кең, жобалар тау-кен, машина жасау, энергетика, химия, мұнай-химия, жеңіл өнеркәсіп салаларын қамтып отыр, яғни олардың барлығы мемлекеттің индустриалды даму басымдықтарына жауап береді. Бұлардың негізгі бөлігі дайын өнім шығаратын болады. Шикізатты өндіруші жобалар мұнда жоқ, негізінен, олар - өңдеуші кәсіпорындар. Қытаймен бірлесіп салынатын 50 жоба Қазақстанның барлық облыстарына бірдей көлемде таралады. Екі жоба іске қосылып үлгерді, олар - Павлодар облысындағы полипропилен жасау зауыты мен Қостанай облысындағы ірі торапты көлік құрастыру зауыты. Биыл 4 жоба жүзеге асырылады. Ол жобалар - ірі диаметрлі құбырлардың өндірісі, рапс майын шығару, ұсақ торапты көлік құрастыру, Қазақстандағы қаланың бірінде қолға алынатын көліктік жүйе құру жобасы» [5].

2021 жылдың жаз айында мақала авторына осындай ірі жобалардың біріне қатысуға мүмкіндік болды. Атап айтқанда, Қарағанды облысының Саран қаласындағы қазақстандық «Qaztehma» зауыты және қытайлық «Yutong» компаниясының бірлескен көлік құрастыру жұмысы барысында аудармашы болдым. Жұмыс барысында Қытай технологияларының озық дамығанына көзім жетті. Осындай жобалардың аясында қазақстандықтар мен қытайлықтар жұмыс барысында бір-біріне көмектесіп, тәжірибе алмасып, таныстықтары достыққа айналды.

«Белдеу және жол» деп қысқартып айтылып жүрген осы бастамаға шетелдіктердің назарын күн өткен сайын өзіне көбірек аударуда.

Күн сайын өзгеріп жатқан халықаралық жағдай, тұрақсыздық пен болжауға болмайтын факторлардың күшеюі жағдайында бұл бастама «Жібек жолы» бойындағы сауда және көлік байланыстарын жандандырып қана қоймай, сонымен қатар аймақтық қана емес, жаһандық деңгейде де бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға да ықпал етеді.

«Белдеу және жол» бірлескен коммуникация құрылысы экономикалық ынтымақтастық бастамасы ғана емес, сонымен қатар жалпы әлемдік даму мен өркендеуге ықпал ететін, сондай-ақ ашық жаһандық ынтымақтастыққа қатысудың, жаһандық экономиканы басқару жүйесін жетілдірудің қытайлық нұсқасы болып табылады. Сонымен қатар адамзат тағдырының ортақ қауымдастығын құруға итермелейді.

«Бір белдеу, бір жол» жобасы тек қана көлік-коммуникациялық мәселелерден тұрмайды. Оның шеңберінде экономикалық, сауда, қаржы, мәдени ынтымақтастық бұрынғыдан да нығая түсетіні сөзсіз.

Қорыта келе, бір кездегі Қытайдан бастау алған Ұлы Жібек жолы бүгінде де жалғасын табуда деп айтуға негіз бар. Ұлы Жібек жолының заманауи түрі ХХІ ғасырда да бүкіл адамзат баласының назарын «Бір жол, бір белдеу» атты жаңа жобамен өзіне аудара отырып, екеуінің де Азия жерінде пайда болумен ерекшеленеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Ұлы Жібек жолы // <https://bilim-all.kz/article/5823>
- 2 Абжанова А. «Бір белдеу, бір жол» жобасы: мақсаты және даму бағыттарының кейбір тұстары / «Тарих ғылымдарының өзекті

мәселелері» атты Республикалық ғылымитәжірибелік онлайн-конференция материалдарының жинағы. 2020 ж., 15-16 қазан. – Караганда: Изд-во ТОО «САНАТ-Полиграфия», 2020. – 305 с

3 Мирзаев Р. С. Великий шелковый путь: реалии XXI века. - М., 2005.

4 Малышева Д.Б. Политика КНР в Центральной Азии в рамках Инициативы «Один пояс и один путь» / Инициатива «Один пояс и один путь» и перспективы социально-экономического и общественно-политического развития стран Центральной Азии. - Алматы: Научно-исследовательский институт международного и регионального сотрудничества Казахстанско-Немецкого университета, 2019. – 238 с.

5 Қазақстан мен Қытайдың бірлескен 50 кәсіпорнында 15 мың жұмыс орны ашылады // <https://ult.kz/post/kazakstan-men-kytaydyn-birlesken-50-kasiporny-15-myn-zhumys-ornyn-ashady>

## **ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ МЕМЛЕКЕТТІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

**Сарбасова Ж.**, магистрант

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор **Г.М. Смагулова**  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды қ.

Кез келген мемлекеттің ұлттық мүдделері өте маңызды. Мемлекет оларды жүзеге асыру үшін сыртқы саясат құралдарының барлық мүмкіншіліктерін қолдануға мәжбүр болады. Сыртқы саяси басымдықтарға қол жеткізуде мемлекеттің арнайы құралдары жеткілікті. Сыртқы саясаттың дәстүрлі құралдарына саяси, дипломатиялық, экономикалық, әскери және қаражат жатады [1, 133-139]. Ақпараттық және мәдени құралдардың есебінен сыртқы саяси мақсаттар мен міндеттердің жетістікке жетуінің жолдары мен әдістер кешенін барынша ұтымды пайдалану дипломатияның тиімділігін арттырудың маңызды мүмкіншілігі болып табылады. Байқайтын болсақ, соңғы жылдары қоғамдық дипломатия белсенді рөл атқаруда. Дипломатияның бұл түрі мемлекеттің әлемдік саясат пен халықаралық қатынастар саласындағы тиімді ресурсына айналууда. Мемлекеттердің үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) ресурсын пайдалануы